

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорықтары туралы уақытша үлгі ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1994 ж. N 753. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының күзетілетін табиғи аумағын ұйымдастыру мен оның қызмет етуінің заңдылық және нормативтік-құқықтық негіздерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорықтары туралы Уақытша Үлгі ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 шілдедегі N 753 қаулысымен Бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорықтары туралы Уақытша Үлгі ереже Негізгі қағидалар

1. Кәдуілгі, сирек кездесетін немесе бірегей ландшафттар мен олардың құрамындағылардың табиғи болмысын сақтау, олардағы табиғи процестер мен құбылыстардың жаратылыс өзгерілімін зерделеу және табиғатты қорғаудың ғылыми негіздерін айқындау мақсатында ерекше табиғатты қорғаушылық, ғылыми, экологиялық-ағартушылық және эстетикалық маңызы бар олардың шегінде орналасқан табиғи кешендер мен объектілерін түгел алғанда жер, жер қойнауы мен су кеңістігінің учаскелері мемлекеттік қорықтар деп жарияланады.

2. Қорықтың табиғи ресурстары Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

Мемлекет меншігіндегі қорық жеріне құқықтық ашықтан-ашық немесе жасырын түрде бұзу әрекеттеріне тыйым салынады.

3. Мемлекеттік қорықтардың жер, жер қойнауы, суы, табиғи ресурстары мен объектілері шаруашылық пайдаланымынан алынады да қорықтардың иелігіне біржолата беріледі. Олар табиғатты қорғау мақсатындағы жерлерге жатады, оны қандай да бір мемлекеттік, жеке және қоғамдық мұқтаж үшін пайдалануға немесе жалға беруге болмайды.

Мемлекеттік қорықтар жер мен басқа да табиғи ресурстар үшін төлемдерден босатылады.

4. Биосфералық топқа жатқызылатын қорықтар кең ауқымды экологиялық

мониторингті жүзеге асыратын биосфералық резерваттардың халықаралық жүйесіне кіреді.

5. Мемлекеттік қорықтар заңды ұйымдар болып табылады. Олардың ғылыми-зерттеу институтының филиалы санатына теңестірілген табиғатты қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу мекемелерінің мәртебесі болады, олар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады және дербес баланста тұрады, олардың Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленіп, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады, олар Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде шоттар, соның ішінде валюталық шоттар да ашады.

6. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары мен перспективаларын, жерге орналастыру, аудандық жоспарлау сызбаларын, табиғатты қорғаудың кешенді сызбаларын әзірлеу кезінде ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде мемлекеттік қорықтар ескерілетін болады.

7. Мемлекеттік қорықтар өздерінің өкілдіктері жүретін аймақтағы (Аймақтық жүйедегі) табиғатты қорғаудың ғылыми-әдістемелік орталықтары болып табылады. Олардың қарамағында, соның ішінде құрылымдық бөлімшелер ретінде қорық шекарасынан тысқары орналасқан қорғалатын табиғи аумақтың өзге де түрлері (қорғалымдар, табиғи ескерткіштер және басқалары) болуы мүмкін.

8. Негізгі аумақта қорықтық режимді қамтамасыз ету, қорғалатын экологиялық жүйеге шаруашылық қызметінің залалын азайту мақсатында қорық аумағын айналдыра ені кемінде екі километрге созылатын күзет аймағы құрылады. Қорғалатын аймақтың аумағы негізгі жер пайдаланушылардан қайтарылып алынбайды.

Қорғалатын аймақ маңында табиғи объектілер мен қорық кешендеріне зияны тиетін шаруашылық және өзге де қызмет атқаруға тыйым салынады.

#### Негізгі функциялары мен міндеттері

9. Күзетілетін және соған шектес экологиялық жүйесін сақтау мен қалпына келтіру, аймақты экологиялық тепе-теңдікте ұстау, табиғи кешендердің жаратылыстық даму заңдылықтарын айқындау, табиғатты қорғау мен оны ұтымды пайдаланудың негіздерін жасау мемлекеттік қорықтардың негізгі функциялары болып табылады.

10. Мемлекеттік қорықтардың орындауына мынадай міндеттер: қорықтың аумағын (акваторияны қосқанда) әрі оның күзетілетін аймағын қорғауды және белгіленген қорық режимінің сақталуын қамтамасыз ету; қорықтың штатындағы қызметкерлермен және республиканың ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

қорық ісінің негіздерін, экологиялық білімдерді, табиғи ресурстарды қорғау мен ұтымды пайдалану проблемаларын насихаттау, табиғатты қорғау мен қорық ісі саласына ғылыми кадрлар мен мамандарды даярлауға жәрдемдесу;

экологиялық сараптамаға, сол аймақтағы табиғатты пайдаланудың қолайлы режимін белгілеуге қатысу;

арнайы бөлінген бағыттар бойынша (көп ретте негізгі күзетілетін аумақтан тысқары жерлерде) ғылыми-танымдық экологиялық экскурсиялар ұйымдастыру міндеттері жүктеледі.

11. Әр қорықтың міндеті мен функциясы, оны ұйымдастыру құрылымы осы Ережеге сәйкес әзірленген және қорықтардың қызметін басқарушы мемлекеттік орган бекіткен жеке ережемен белгіленеді.

### Қ ұ р ы л у т ә р т і б і

12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорықтары мен олардың филиалдарын құруды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және басқа да ғылыми мекемелердің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік қорықтар құру жөніндегі материалдарды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

14. Мемлекеттік биосфералық қорықтар ЮНЕСКО-ның келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен құрылады және олар осы халықаралық ұйымда тіркелуге жатады.

15. Жер-жердегі атқарушы өкімет органдары мен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің бөлімшелері мемлекеттік қорықтар жүйесін дамытуға жәрдемдеседі және олардың қызметіне көмек көрсетеді.

### Қорықтарды басқару, олардың құрылымы

16. Қорықтарды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі басқарады.

17. Мемлекеттік қорыққа директор басшылық етеді, ол табиғи резерваттың қызметі үшін жауап береді, қорық аумағында табиғатты қорғау заңдарының мемлекеттік тәртіптің сақталуын, қорық алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

18. Директор, директордың ғылым жөніндегі орынбасары және күзет

қызметінің бастығы қорықтар қызметін басқарушы мемлекеттік органның номенклатурасында болады.

## Ғылыми-зерттеу қызметі

19. Мемлекеттік қорықтардағы ғылыми зерттеулер экологиялық жүйенің табиғи дамуына ұзақ уақыт бақылау жасау жолымен барлық деңгейдегі табиғи кешендердің биологиялық әртүрлілігі мен тұтастығын зерделеу мен сақтау мақсатында, сондай-ақ аумақтағы экологиялық жағдайға болжамды баға беру, табиғатты ұтымды пайдалану жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

20. Қорықтардағы ғылыми жұмыс өзіне зерттеулердің мынадай міндетті бағыттарын:

қорық аумағының барлық табиғи болмысын қартаға түсіру негізінде түгендеу ;

қорықтың үлгілі экологиялық жүйесін және аумақ маңынан соған ұқсас тиісті түрлерін айқындау ;

табиғи өзгерістерді қадағалау, "Табиғат шежіресін" жазып жүру, экологиялық жүйе мен оның құраластарының табиғи және антропогендік динамикасын зерделеу ;

экологиялық жүйенің, организмдердің жекелеген топтарының, құрылымының заңдылығы мен іс-әрекетін, оларға орта факторларының, экологиялық жүйе құраластарының өзара байланысының әсерін зерделеу;

қорық пен оның маңындағы аумақтың экологиялық жүйесін және гендік қорын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған ғылыми ұсыныстарды әзірлеу бағыттарын қамтиды .

21. Мемлекеттік қорықтардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын штаттағы қызметкерлер мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің және тиісті бейімдіктегі жоғары оқу орындарының мамандары қорықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары бойынша да, сондай-ақ белгіленген тәртіппен келісілген қорықтың жалпы бағдарламалары бойынша шарттық негізде де жүргізеді.

22. Қорық жанынан ғылыми-техникалық кеңес құрылып, ол директордың бұйрығымен бекітіледі. Кеңес туралы ереже және оның құрамы қорық қызметін басқарушы мемлекеттік органмен келісіледі. Ғылыми-техникалық кеңестің құрамына штаттағы қызметкерлермен бірге, негізгі тақырыптардың ғылыми жетекшілерін қосқанда ғылымның тиісті салаларының, бөгде ұйымдардың мамандары кіре алады .

23. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламалары мен тақырыптарын бекіту мен орындалуын одан әрі үйлестіруді, олар қорықтың ғылыми-техникалық

кеңесі мен тиісті академиялық институттың ғылыми кеңесінде қаралған соң, қорықтың қызметін басқаратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен бірлесе отырып жүзеге асырады.

24. Қорықтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары бойынша жабайы аңдарды аулау, санитарлық мақсатпен ату және ен салу, өсімдіктер мен коллекциялар жинау табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік бақылау органдарының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік қорықтарда ғылыми деректер жиынтығы, қорлар және олардың қызметкерлерінің ғылыми еңбектері мен ғалымдардың қорық аумағында жинаған материалдары бойынша атқарған жұмыстарының архиві ж а с а қ т а л а д ы .

26. Қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қорытынды есептері және "Табиғат шежіресі" бойынша бесжылдық есептер Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне қарасты Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат институтында тіркелуге жатады, далада бақылау жүргізудің бастапқы материалдары қорықтың архивіне т а п с ы р ы л а д ы .

#### Қ о р ы қ т ы қ     р е ж и м

27. Мемлекеттік қорықтардың режимі күзетілетін аумақтағы табиғи кешендер мен объектілердің барлық биологиялық әртүрлілігін сақтайды және табиғи жағдайы мен тұтастығын қалпында ұстауды қамтамасыз етуді көздейді.

Қорықтар аумағына оның мақсатына қайшы келетін кез келген шаруашылық, демалыстық және өзге де қызметке тыйым салынады.

28. Қорықтар аумағында (экваториясында) мыналарға:  
жер мен суаттың гидрогеологиялық режимін өзгертетін іс-әрекетке;  
іздістіру жұмыстарына, пайдалы қазбаларды игеру мен шығаруға, жер қыртысына зақым келтіруге, минералдар шығаруға, тау жыныстарын аршып т а с т а у ғ а ;

орманды пайдаланудың барлық түріне, мал жаюға, оны айдау мен суаруға, шөп шабуға, омарта мен бал араларының ұяларын орналастыруға, орманды ластау мен онда қалдықтар тастауға, айқындағыштарды, белгілерді бүлдіру мен сындыруға, шайыр, ағаш шырындарын, жеміс, жидек, саңырауқұлақ, тұқым, гүл, тамыр, жуа, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат дайындауға, сал ағызуға, орман заңдарын бұзу болып табылатын орманды пайдаланудың өзге де түрлеріне ;

қорықтардың қызметін қамтамасыз етуге арналғаннан басқа өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, жекелеген объектілерді, үйлер мен

ғимараттарды, жол мен жол құбырларын, электр желілері мен өзге де коммуникациялар салу мен орналастыруға;

осы Ережеде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайда аңшылықтың, балық аулаудың барлық түріне, жан-жануарлар дүниесін өзге де пайдалану түрлеріне минералдық тыңайтқыштарды, орман мен топырақты қорғаудың химиялық құралдарын қолдануға;

күзетілетін аймақты қосқанда, оларды бейімдеу мақсатымен өсімдіктер мен жануарларды жерсіндіруге;

бөгде адамдар мен көліктердің арнайы рұқсатсыз келуіне, жүруі мен өтуіне; бөгде көлік құралдарының жалпы пайдаланылатын жолдар мен су жолдарынан тыс қары өтуіне;

қорықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларында көзделгеннен басқа зоологиялық, ботаникалық және басқа да коллекциялар жинауға; қорық дирекциясының келісімінсіз ұшақтар мен тікұшақтардың аумақтың үстімен 2000 метрден төмен ұшып өтуіне (жануарларды қорғау немесе есеп жүргізу мақсатында оның аумағын авипатрульдеуден басқа);

қорықтарға жүктелген міндеттерді орындауға байланысы жоқ және Қазақстан Республикасының табиғат қорғау жөніндегі заңдарына қайшы келетін табиғи кешеннің жағдайына тікелей немесе жанама зардабы тиетін өзге де қызметтерге тыйым салынады.

29. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбы бойынша ғылыми мақсатта жабайы аңдарды аулауға, өсімдіктерді жинауға табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану жөніндегі Мемлекеттік бақылау органдарының рұқсатымен жол беріледі.

30. Мемлекеттік қорықтарда белгіленген тәртіппен мыналарға: антропогендік әсер етудің салдарынан өзгеріске ұшыраған табиғи кешендерді қалпына келтіру мен өзгерістерін жою жөніндегі шараларды өткізуге, сондай-ақ бұрын тіршілік етіп, жоғалып кеткен сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды қайта жерсіндіру мен жасанды жолмен көбейтуді қосқанда, қорықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін; адам мен жануарларға аса қауіпті жұқпалы ауруларды жою жөніндегі өртке қарсы, санитарлық, мал дәрігерлік шараларды өткізуге, кіріптар жағдайға ұшыраған жабайы аңдарды құтқару жөніндегі шараларды өткізуге жол беріледі.

31. Экологиялық, ғылыми-танымдық экскурсиялар қорықтардың қызметін басқарушы мемлекеттік органмен келісілген тәртіппен арнайы бөлінген экологиялық бағыттарда өткізіледі.

32. Арнайы бөлінген учаскелерде (көп ретте күзетілетін аймақта) аумақты орналастыру жобасына сәйкес қорық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі белгіленген тәртіп

пен нормалар бойынша табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне рұқсат берілуі мүмкін.

33. Қорықтың табиғи кешендеріне және оның күзетілетін аймағына тікелей немесе жанама келтірілген зиян кінәлі адамдардан, ұйымдар мен мекемелерден белгіленген тәртіппен қолданылып жүрген таксаларға және зиянды есептеу әдістемелеріне сәйкес есептелініп, өндіріліп алынады.

#### Мемлекеттік қорықтардағы табиғат қорғау қызметі

34. Қорық режимін сақтау ісін қорықтың арнаулы инспекциясының мәртебесі берілген күзет қызметінің штаттағы қызметкерлері қамтамасыз етеді. Қорықты күзету штатына: күзет бастығы (бас орманшы), күзет инженері, аға инспекторлар, инспекторлар мен инспекторлардың көмекшілері кіреді.

35. Директор - қорықтың мемлекеттік бас инспекторы болып табылады.

Күзет бастығы, күзет инспекторы және директордың орынбасарлары - қорықтың мемлекеттік бас инспекторының орынбасарлары болып табылады.

36. Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар құқығын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі қорықтың өзге де қызметкерлеріне сәйкес бере алады.

37. Қорықтың аумағын қорғау жөніндегі шараларға қорықтың келісім бойынша айналадағы табиғи ортаны қорғау мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік бақылау органдарының өзге бөлімшелері де қатыса алады.

38. Мемлекеттік қорықтардың күзет қызметіне: азаматтар мен лауазымды адамдардың жеке куәліктерін және қорықтың аумағында болуына немесе қызмет етуіне құқық беретін құжаттарын тексеруге; олар қорықтың белгіленген режимі мен табиғатты қорғау заңдарын бұзған жағдайда азаматтар мен лауазымды адамдардан жазбаша түсініктеме талап етуге;

кінәлі адамдарды ұстауға, қорық режимін және табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзғаны туралы оларға хаттамалар жасауға; азаматтар мен лауазымды адамдардың табиғатты қорғау заңдарына қайшы келетін қызметін тоқтатуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес табиғатты қорғау заңдарын бұзуға күдікті адамдардың заттарын, көлік құралдарын қарауға, аулау, ату құралдарын, сондай-ақ олжалаған өнімдерін тексеруге;

тәртіп бұзушылардан олжалаған өнімдері мен табиғатты заңсыз пайдаланған құралдарын, сондай-ақ соларға тиісті құжаттарын тартып алуға;

режим мен табиғат қорғау заңдарын бұзғандарды жеке басын айқындау мен хаттамалар жасау үшін ішкі істер органдарына, өкіметтің жергілікті өкілді және

атқарушы органдарына апаруға;  
белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылар туралы істерді қарауға,  
лауазымды адамдар мен азаматтарға айыппұл салуға, басқа да әкімшілік жолмен  
ықпал ету шараларын қолдануға;  
кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға келтірілген зиянның  
орнын толтыру туралы талап қоюға;  
заңдарда көзделген жағдайда тәртіп бұзушылықтар туралы материалдарды  
тергеу органдарына жіберуге құқы бар.

39. Мемлекеттік қорықтарды қорғау қызметкерлері мен табиғатты қорғау  
жөніндегі мемлекеттік инспекторлар құқығына ие адамдардың қызмет  
бабындағы міндеттерін орындауға байланысты мүлкіне келтірілген зиян сол зиян  
шектірген ұйымдар мен азаматтардың есебінен өтеледі.

40. Қорықты қорғау қызметкері немесе табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік  
инспектор құқығына ие адам қызметтік міндетін орындау кезінде қазаға  
ұшыраған жағдайда оның отбасына бір жолғы жәрдемақы, сондай-ақ  
қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен асыраушысынан  
айырылғандығы жөнінде зейнетақы төленеді.

41. Қорықты қорғау қызметкерлері пішімді киім-кешекпен, айырым  
белгілерімен, радио байланысы құралдарымен, көлікпен қамтамасыз етіледі.

42. Қорықтарды қорғау қызметінің қызметкерлеріне өз міндеттерін атқару  
кезінде ішкі істер органдарының рұқсатымен табельді атыс қаруын алып жүруге  
қ ұ қ ы қ б е р і л г е н .

43. Мемлекеттік қорықтардың аға инспекторлары мен инспекторларына  
жұмыс кезінде қызметтік үй-жайлары (кордондар) беріледі.

44. Қорықтарды қорғау қызметкерлері ауыл шаруашылығы мен өзге де  
жұмыстарға қатысу үшін қызметін тастап бара алмайды.

45. Қорықтарды қорғау қызметінің қызметкерлері қорық режимін немесе  
табиғатты қорғау заңдарының бұзылу фактілерін ашатын болса, оларға сол  
тәртіп бұзушылық үшін белгіленген тәртіппен өндіріліп алынған қаражаттың бір  
бөлігі есебінен сыйлық беріледі.

#### Экскурсиялық-ағартушылық қызмет

46. Қорықтардағы экскурсиялық-ағартушылық қызмет ғылыми-танымдық  
және экологиялық экскурсияларды, сондай-ақ табиғатты қорғау мен қорық ісі  
мәселелері жөнінде оқу-насихаттық, көрмелік, мұражайлық,  
мәдени-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

47. Қорық қызметкерлерінің экскурсиялық-ағартушылық қызметіне қатысты  
м і н д е т і н е :



табиғатты қорғау, қорық ісі мәселелері жөнінде баспасөзде материалдар жариялау, радио мен телевизия арқылы сөйлеу, лекциялар оқу, әңгімелер өткізу; табиғат және экологиялық соқпақтар мұражайларына келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру; қорықтың экскурсиялық объектілерін күтіп ұстау және безендіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асыру енеді. 48. Мемлекеттік қорықтар тиімді экскурсиялық-ағартушылық жұмыстар ұйымдастыру және қажетті материалдар мен қаржы қаражатын тарту үшін қорық қызметін басқарушы мемлекеттік органмен келісе отырып, бөгде ұйымдармен шарттар жасай алады. 49. Қорықтағы экскурсиялық-ағартушылық жұмысты осыған уәкілдік алған қызметкерлер жүргізеді. 50. Қорықтың экскурсиялық-ағартушылық жұмысында пайдаланылатын бағалау нарқы келісімді болады. Мемлекеттік қорықтардағы еңбек жағдайы мен ақы төлеу

51. Ғылыми, экскурсиялық-ағартушылық, жарнамалық-баспалық қызметтен түскен, сондай-ақ халықаралық ұйымдарды қосқанда, кәсіпорындардан, мекемелерден, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардан тегін көмек ретінде алынған қаражат мемлекеттік қорықтардың негізгі қызметіне жұмсалады.

52. Қорықтарды қаржыландыру, қызметкерлерінің жалақы мөлшерін қорықтардың ұсыныстарын ескере отырып, олардың қызметін, басқарушы мемлекеттік орган белгілейді.

Қорық қызметкерлеріне қосымша ақы, үстемелер, сыйлықтар және қосымша көтермелеудің басқа да түрлері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

53. Мемлекеттік қорықтардың қызметкерлері контракті негізінде жұмысқа қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

54. Мемлекеттік қорықтардың тұрғын үй қоры белгіленген тәртіппен қызмет бабындағы санатқа жатқызылады және оны жекешелендіруге болмайды.

55. Маман қорыққа уақытша жұмыс істеуге кеткен кезде ол және оның отбасы тұрақты тұрған үй-жайы еңбек шарты қолданылатын барлық уақыт бойы с а қ т а л а д ы .

56. Ғылыми қызметкерлерді қосқанда, қорық қызметкерлеріне арнайы киім-кешек, аяқ киім, сондай-ақ белгіленген үлгідегі омырау белгісі тегін беріледі. Дала жағдайында жұмыс істеген кезде қорық қызметкерлеріне шығын сметасында көзделген дала жұмысы үшін қосымша ақы төленеді.